

Байтекова Қ.Ж.¹, Рахметова Н.Ж.², Шамшен Ж.А.³

¹заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, e-mail: kbaytekova@mail.ru

²заң ғылымдарының магистрі, оқытушы, e-mail: rakhmetova.nazym@mail.ru

³заң ғылымдарының магистрі, оқытушы, e-mail: shamshen.zhadyra@mail.ru
«ҰМУ» АҚ медициналық құқық кафедрасы, Қазақстан, Алматы қ.

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Бұл мақалада сыбайлас жемқорлық ұғымына көптеген ғалымдардың берген жан-жақты анықтамалары және сыбайлас жемқорлықтың шығу тарихы зерттелген. Сыбайлас жемқорлықтың елімізде және өзге мемлекеттердегі жай-күйі баяндалған. Аталған мақалада Қазақстан Республикасының заңнамасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге бағытталған әр түрлі нормативтік құқықтық актілер, мемлекеттік бағдарламалар, халықаралық шарттар және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдаулары қарастырылған. Қоғамның әр саласында сыбайлас жемқорлықты жою тәсілдері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті қалыптастыру шаралары ұсынылған. Сонымен қатар, аталмыш мақалада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидалары, мақсаттары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органдар қызметі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер көрініс тапқан. Осыған қоса, сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен әкімшілік құқық бұзушылықтары үшін жауаптылық мәселелері сипатталған. Елімізде аталмыш тақырыпқа арналған мақалалар көп болса да, олардың әрқайсысы сыбайлас жемқорлықты зерттеу тәсілдерімен және өзіндік күресу шараларымен, қоғамда сыбайлас жемқорлықты жоюға арналған ұсыныстарымен ерекшеленеді. Сол себепті де, бұл мақалада сыбайлас жемқорлық мәселесі тереңінен зерттеліп, пайда болу тарихынан қазіргі таңдағы жай-күйіне дейін жан-жақты қарастырылған.

Түйін сөздер: сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық, заң, қылмыстық жауаптылық, әкімшілік жауаптылық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, паракорлық.

Baytekova K.Zh.¹, Rakhmetova N.Zh.², Shamshen Zh.A.³

¹master of law, senior lecturer, e-mail: kbaytekova@mail.ru

²master of law, lecturer, e-mail: rakhmetova.nazym@mail.ru

³master of law, lecturer, e-mail: shamshen.zhadyra@mail.ru

Department of medical law Of joint-stock Company "NMU", Kazakhstan, Almaty

Counteraction of corruption in the system of public service as a factor of increasing the efficiency of public administration

This article examines the comprehensive definitions of corruption given by many scientists and the history of corruption. Besides, the state of corruption in our country and other States is stated. This article discusses various normative legal acts, state programs, international treaties aimed at combating corruption in the legislation of the Republic of Kazakhstan, as well as other normative legal acts aimed at combating corruption and the President's Address to the people. The ways of corruption eradication and measures for the formation of anti-corruption culture in each sphere of society are presented. In addition, this article reflects the principles and objectives of anti-corruption, the activities of the authorized bodies to combat corruption and anti-corruption restrictions. In addition, the issues of responsibility for corruption crimes and administrative offenses are described. Despite the fact that the country has a lot of articles on this topic, each of them is different methods of research and measures of corruption protec-

tion, recommendations for the eradication of corruption in society. Therefore, this article discusses in detail the issues of corruption from the history to the present state.

Key words: corruption, offense, law, criminal liability, administrative responsibility, anti-corruption culture, bribery.

Байтекова Қ.Ж.¹, Рахметова Н.Ж.², Шамшен Ж.А.³

¹магистр юридических наук, старший преподаватель, e-mail: kbaytekova@mail.ru

²магистр юридических наук, преподаватель, e-mail: rakhmetova.nazym@mail.ru

³магистр юридических наук, преподаватель, e-mail: shamshen.zhadyra@mail.ru
кафедры медицинского права АО «НМУ», Казахстан, г. Алматы

Противодействие коррупции в системе государственной службы как фактор повышения эффективности государственного управления

В данной статье изучены всесторонние определения понятия коррупции, данные многими учеными, и история возникновения коррупции. Кроме того, изложено состояние коррупции в нашей стране и других государствах. В данной статье рассмотрены различные нормативные правовые акты, государственные программы, международные договоры, направленные на борьбу с коррупцией в законодательстве Республики Казахстан, а также иные нормативные правовые акты, направленные на противодействие коррупции, и Послания Президента к народу. Представлены способы искоренения коррупции и меры по формированию антикоррупционной культуры в каждой сфере общества. Кроме того, в данной статье отражены принципы, цели противодействия коррупции, деятельность уполномоченных органов по противодействию коррупции и антикоррупционные ограничения. Кроме того, описаны вопросы ответственности за коррупционные преступления и административные правонарушения. Несмотря на то, что в стране много статей на данную тему, каждый из них отличается методами исследования коррупции и мерами защиты, рекомендациями по искоренению коррупции в обществе. Поэтому в данной статье подробно рассмотрены вопросы коррупции от истории возникновения до современного состояния.

Ключевые слова: коррупция, правонарушение, закон, уголовная ответственность, административная ответственность, антикоррупционная культура, взяточничество.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Республика қызметінің түбегейлі принциптері қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм болып табылады (ҚР-дың Конституциясы, 1995). Осы аталған принциптердің толық орындалуына кедергі жасап тұрған қауіп-қатер – ол сыбайлас жемқорлық. Сыбайлас жемқорлық тақырыбы қазіргі таңдағы қоғамда өте өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Әлемдегі кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін, нарықтық экономиканың құлдырауын, саяси жетілуін сыбайлас жемқорлық тежейді. Сол себепті кез келген қоғамда індет секілді тамырын кең жайған сыбайлас жемқорлықпен күресу біздің еліміз үшін мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады. Бірақ сыбайлас жемқорлықпен күресу тек қана мемлекеттік органдар мен билік

өкілдерінің міндеті ғана емес, ол бүкіл қоғамның жұмыла күресуге тиіс міндеті. Өйткені қоғамның көмегінсіз сыбайлас жемқорлықты жеңу мүмкін емес.

Жалпы кез келген белгілі бір құбылысты жан-жақты зерттемес бұрын, оның түсінігін айқындаудан бастау керек. Көптеген ғалымдар өз еңбектерінде сыбайлас жемқорлық ұғымына әр түрлі анықтама беріп кеткен. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің мәнін «сыбайлас жемқорлық» ұғымының мазмұнын, осы этностық әлеуметтік құбылыстың тарихи түп-тамырын түсінбейінше, ұғыну мүмкін емес. Сыбайлас жемқорлық ұғымы қазіргі ғылыми және қоғамдық-саяси әдебиетте кеңінен қолданылады.

«Сыбайлас жемқорлық» сөзі (латын тілінен «соупрег») көптеген мағынасы бар: бүлдіру, құлдырау, параға сатып алу, азғыру, тура жолдан тайдыру, притон, құбылмалылық, істі бұзу, күйреуге әкелу, бұрмалау, алдау, қорлау, арнамысын таптау, «гупреге» көп мағыналы (бұзу, қирату, заңнан аттап өту, шартты бұзу) етістігімен қатар қолданылатын «со» қосымшасы сыбайлас жемқорлық – бұл бірнеше субъектілердің

қатысуымен іс-қимыл жасау екенін көрсетеді. Бұдан өзге, латынша «согуптио» «параға сатып алу», «іріп-шіру» дегенді білдіреді, «сыбайласу» етістігі «біреуді ақшамен немесе өзге де материалдық игіліктермен параға сатып алу» дегенді білдіреді (Абдрасилов, 2016: 176). Мысалы, Н.Ф. Кузнецова сыбайлас жемқорлықты әлеуметтік көлеңкелі құбылыс деп көрсетіп, оның бір тұлғаны екінші бір тұлғаның сатып алуынан тұратынын анықтайды. Н.Ф. Кузнецованың ойы бойынша, лауазым иесі болып табылмайтын мемлекеттік қызметкерлерді коррупциялық қылмысы үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту криминологиялық негізсіз деп есептейді. Оның пікірінше, бұл адамдардың қоғамдық қауіптілігі антиәлеуметтік криминалдық дәрежеге жетпейді (Кузнецова, 1993: 40). А.И. Долгова осындай пікірді қолдай отырып, коррупцияны мемлекеттік немесе басқа да қызметкерлердің жеке басының пайдасы үшін ресми қызметтік өкілеттіліктерін және соған байланысты беделдері мен мүмкіндіктерін сатуы немесе сол үшін сатылуы деп атап көрсетеді (Долгова, 1997: 640). П.Н. Панченко сыбайлас жемқорлықтың қызмет өкілеттілігін теріс пайдаланып құқық бұзу, қызмет өкілеттілігін теріс пайдаланып талан-таражға салу, қызмет бабын пайдаланып пара алу сияқты нысандарын анықтады (Панченко, 1995: 13).

«Коррупция» термині латынша «бұзу, сатып алу» деген мағына береді. Заң энциклопедиясында бұл терминге «лауазымды адамның өзіне сеніп тапсырылған құқықтар мен мүмкіндіктерді бас пайдасына жұмсайтындығын көрсететін саясат немесе мемлекеттік басқару саласындағы қылмыстық әрекет» деп анықтама берілген (Юридическая энциклопедия, 2003: 56).

Рим құқығында «согуптиге» сөзі «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, алдау, бұрмалау, параға сатып алу», сондай-ақ «кұлдырау, бұзылғандық, нашар жағдай, (пікір немесе көзқарастың) құбылмалылығы» деген мағынаны білдіреді (Аристотель, 1983: 640). Шамамен төрт мыңжылдық бұрын Ежелгі Вавилонда паракорлық үшін жауапкершіліктің болғанын Хаммурапи патшаның заңдары, сондай-ақ египет фараондарының заңдары көрсетеді. Сыбайлас жемқорлық Рим империясы тұсында да нақты айқындалған, ол XII кесте Заңдарында көрініс тапты. Рим империясының құлдырау себептерінің бірі – сыбайлас жемқорлық болған. Сол кезеңде мемлекеттік орындарда, мемлекеттік лауазымдарға тағайындау кезінде паракорлық жайлаған (Жетписбаева, 2011: 12).

Аристотель «Саясат» деген еңбегінде сыбайлас жемқорлықты мемлекетті күйретуге әкелмесе де, азғындауына әкелетін маңызды фактор деп атап көрсеткен. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті Аристотель мемлекеттік тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізі деп санаған: «Кез келген мемлекеттік құрылыста ең бастысы – бұл заңдар және қалған тәртіп арқылы істі лауазымды адамның пайда таба алмайтындай етіп құру керек» (Гегель, 1990, 524). Ал П.А. Кабанов саяси сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама береді: «мемлекеттік қызметкердің, не сол орынға үміткердің, не солардың тапсырмасын орындаушы басқа адамның белгілі бір мемлекетте белгілі бір уақыт аралығында тиісті мемлекеттік қызметті сақтап қалу немесе сол орынға тұру үшін басқа адамдардың, қоғамның мүддесіне қайшы келетін әрекеттерінің жиынтығы» (Кабанов, 1998: 27). Ал Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізін қалаушы құжат – БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының (2003 жылғы 31 қазан) 13-бабы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте азаматтық қоғамның анағұрлым тиімді құралы ретінде қоғамдық бақылауды кеңейтуді айқындайды (БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа..., 2003).

17.12.1979 жылғы Лауазымды адамдардың құқықтық тәртібін сақтау жөніндегі кодексте былай делінген: «сыбайлас жемқорлық ұғымын ұлттық құқық анықтайды», ал «лауазымды адамның өзі өкілетті салада кез келген формадағы сыйақы үшін сол сыйақыны берген адамның мүддесіне лауазымдық нұсқаулықты бұзып та, бұзбай да қандай да бір әрекет жасауы немесе жасамауы» сол анықтамаға жатқызылған (Кодекс поведения должностных..., 1998). Американдық зерттеушілер М. Джонстон мен Дж.С. Наем сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама береді: «өзі, өзінің отбасы немесе шағын топ үшін материалдық немесе мәртебелік артықшылық алу мақсатында лауазымды адамның белгіленген тәртіптен ауытқуы» (Джонстон, 1997: 9).

Аталған зерттеу жұмысының мақсаты мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары мен міндеттері жүйесін қарастыру және қоғамда сыбайлас жемқорлық фактілерін жоюға, азайтуға бағытталған іс-шаралар кешенін зерттеу болып табылады.

Зерттеу пәні ретінде еліміздегі мемлекеттік қызмет саласында орын алып жатқан сыбайлас

жемқорлық құқық бұзушылық фактілерін талдау, қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың жай-күйі болып табылады.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін жалпы ғылыми зерттеу әдістері, соның ішінде теориялық, топтастыру-жүйелеу, салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы-құқықтық, талдау, статистикалық өңдеу, жүйелі-құрылымдық әдістері құрайды.

Әдебиеттерге шолу жасау

Сыбайлас жемқорлық тақырыбының теориялық мәселелері заманауи әдебиеттерде өте кең көрініс тапқан. Мысалы, Б.А. Жетписбаева, Г.С. Мауленов, Е.О. Алауханов секілді өз еліміздің ғалымдарының ғылыми еңбектері жұмысты жазуға зор үлесін қосты. Өзге мемлекеттердің ғалымдары қатарынан, Н.Ф. Кузнецова, А.И. Долгова, П.Н. Панченко, П.А. Кабанов, М. Джонстон еңбектері кеңінен қолданылды. Сонымен қоса, Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық аясын қамтитын заңнамалар кешені қарастырылды.

Айрықша пайдаланылған заңдар қатарында, 1995 жылы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, 2015 жылы 18 қарашада қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заң», 2014 жылы 3 шілдеде қабылданған Қылмыстық Кодекс, 2014 жылы 5 шілдеде қабылданған Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекс. Сонымен қоса, өзге де нормативтік құқықтық актілер мақала жазуда маңызды рөл атқарды. Олардың қатарында, «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы Жарлығы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 қазандағы № 349 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі туралы ереже, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Заңы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан

Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығы бар. Ал халықаралық шарттарға байланысты 2003 жылғы 31 қазандағы БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы қарастырылды.

Қорыта айтқанда, жұмысты жазу барысында, Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен жолдаулары, ережелер, халықаралық конвенциялар, сонымен қоса өзге де нормативтік құқықтық актілер пайдаланылды.

Негізгі бөлім

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев белгілеген «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясының құндылықтары қазақстандық қоғамды біріктіруші ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті құруда негізін қалаушы болып табылады. Бұл – азаматтық теңдік, еңбекқорлық, ғалым мен білім ғибраты, зайырлы ел – толеранттылық елі сияқты құндылықтар (Назарбаев Н.Ә. Баршаға бірдей..., 2015).

2015 жылғы 18 қарашада қабылданған Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлық дегеніміз – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы..., 2015).

2018 жылғы 5 қазанында жарияланған мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында сыбайлас жемқорлықпен белсенді күрес жалғасатынын баяндады. Біріншіден, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерде ашықтық пен жариялылық маңызды мәселе болып тұр. Сол себепті, елбасымыз Н.Ә. Назарбаев 2019 жылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 80 пайызы, ал 2020 жылы кемінде 90 пайызы электронды форматқа көшірілуге тиіс екенін атап өтті. Екіншіден, «Сыбайлас жемқорлықтан ада өңірлер» жобалары аясында елорданың жемқорлыққа қарсы

стратегияны жүзеге асыру жөніндегі тәжірибесін тарату керек делінген (Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың..., 2018).

Сонымен қоса, елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясында қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси басымдықтарының бірі ретінде сыбайлас жемқорлықпен күресті атап көрсетті («Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан..., 2012).

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2014 жылғы 26 желтоқсанда қабылданды. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп-қатер қатарына қояды және мемлекет пен қоғамды осы келеңсіз құбылыспен күресте күш-жігерді біріктіруге бағыттайды (ҚР-дың 2015-2025 жылдарға арналған..., 2014).

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органдар бірі ретінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік істер кірістері және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, сонымен қатар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросы танылады (ҚР Президентінің..., 2016).

Ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросының қызметінде 1424 Call Орталығы жұмыс жасайды. Яғни кез келген тұлғада сыбайлас жемқорлық фактісі туралы хабарлауға мүмкіндік бар. Жалпы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға көмек көрсететін адам мемлекеттік органдардың қорғауында болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен көтермеленеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы Жарлығына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау кез келген құқық бұзушылыққа мемлекеттің жауап әрекетінің болуын қамтамасыз етіп және кінәлілерді заңда белгіленген жауапқа тарта отырып, құқық қорғау органдары қызметінің басым бағыттары айқындалады (ҚР Президентінің..., 2009).

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Заңы бойынша өзіне мәлім болған сыбайлас

жемқорлық құқық бұзушылықтың анық жағдайлары туралы өзі жұмыс істейтін мемлекеттік орган басшылығының және құқық қорғау органдарының назарына жеткізген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық және өзге де қорғалуға құқығы бар, сонымен қоса өздеріне мәлім болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы өздері жұмыс істейтін мемлекеттік орган басшылығының және құқық қорғау органдарының назарына дереу жеткізуге міндетті (ҚР-дың мемлекеттік қызметі туралы..., 2015).

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығына сәйкес мемлекеттік қызметшіге сыбайлас жемқорлық көріністерін жасаған деп көпшілік алдында негізсіз айып тағылған жағдайда, ол осындай айыптау анықталған күннен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару жөнінде шаралар қолдануға тиіс (ҚР мемлекеттік қызметшілерінің..., 2015).

Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы Заңы қабылданды. Бұл конвенция 6 тараудан, 71 баптан тұрады. Осы конвенцияға қатысушы мемлекеттер қылмыстың алдын алу мен қылмыстық сот төрелігі жөніндегі комиссияның және Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес саласындағы есірткі мен қылмыс жөніндегі басқармасының жұмысын жоғары бағалай отырып, осы саладағы халықаралық және аймақтық ұйымдардың жұмысына, Африка одағының, Еуропалық одақтың, Араб мемлекеттері Лигасының, Америка мемлекеттері ұйымының, Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының, Еуропа Кеңесі мен (сондай-ақ Дүниежүзілік кеден ұйымы ретінде белгілі) Кеден ынтымақтастығы жөніндегі кеңестің қызметіне сілтеме жасай отырып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі көпжақты құжаттарды, атап айтқанда, 1996 жылғы 29 наурызда Америка мемлекеттері ұйымы қабылдаған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Америкааралық конвенциясы, Еуропа қауымдастығының лауазымды адамдарын немесе 1997 жылғы 26 мамырда Еуропа Кеңесі қабылдаған Еуропа одағына мүше мемлекеттер лауазымды адамдарын қамтитын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы конвен-

цияны, 1997 жылғы 21 қарашада Экономикалық ынтымақтастық пен дамыту Ұйымы қабылдаған Халықаралық коммерциялық мәмілелердегі лауазымды адамды да параға сатып алуға қарсы күрес конвенциясын, 1999 жылғы 27 қаңтарда Еуропа Кеңесінің Министрлер комитеті қабылдаған Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы конвенцияны, 1999 жылғы 4 қарашадағы Еуропа Кеңесінің Министрлер комитеті қабылдаған Сыбайлас жемқорлық үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік туралы конвенцияны және 2003 жылғы 12 шілдеде Африка одағы мемлекеттері мен үкіметтері басшылары қабылдаған Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес туралы Африка одағының Конвенциясын қоса алғанда, сенім білдірумен назарға ала отырып, 2003 жылғы 29 қыркүйекте күшіне енген Біріккен Ұлттар Ұйымының Ұлттық шекарадан тыс ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенцияның күшіне енуімен құттықтай отырып, осы конвенцияның шарттары мен мазмұнымен келісті (БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа..., 2008).

Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялап (2008 жылғы 4 мамырдағы № 31-IV Қазақстан Республикасының Заңы), халықаралық құқық нормаларын негізге алып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы күреске бағытталған тиімді құқықтық шараларды әзірлеу және қолдану ниетін білдірген. Біріккен Ұлттар Ұйымының 2003 жылғы 31 қазанда қабылданған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясында (Нью-Йорк) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес саласындағы қызметті сипаттайтын халықаралық тәсілдер (стандарттар) көрсетілген (Кейбір сыбайлас жемқорлық..., 2015).

Нәтижелер мен талқылаулар

Сыбайлас жемқорлықты жою үшін әр адам өзінен бастау қажет. Себебі, адам өзінің құқықтық мәдениетін жоғарылатуға күш салса, қоғамда қылмыстылықтың деңгейі төмен болар еді. Жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа түбегейлі қарсы болса, мемлекетте пара алу және пара беру қылмыстары аз болар еді. Сыбайлас жемқорлықпен күресу және

оның алдын алу үшін заңнаманың қатандығы қажет. Сол себепті, сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық және әкімшілік жауаптылықты күшейту мәселесі қолға алынған болатын. 2014 жылы Қылмыстық кодекске және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте сыбайлас жемқорлық үшін жаза қатандатылды.

Жалпы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және тұрмыс жағдайының жақсаруы» деп аталатын Жолдауында сыбайлас жемқорлықпен аяусыз күресті басты мақсаттар қатарына қойған, оны құқықтық мемлекет орнатудың шарты деп санаған («Қазақстан-2030» Барлық..., 1997).

Президент Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның әлемнің бәсекеге ең қабілетті 50 елінің қатарына ену бағдарламасын ұсынды, онда сыбайлас жемқорлықпен күрестің жалпы ұлттық бағдарламасын дәйекті түрде жүзеге асыру керектігіне баса назар аударды (ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың..., 2006).

2014 жылғы 3 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің «Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар» атты 15-тарауына сәйкес лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану, лауазымды адамның өкілеттіктерін иемденіп алу, кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу, заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, қызметтегі әрекетсіздік, салғырттық сияқты қылмыстар көрініс тапқан. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану, яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның өзінің құқықтары мен өкілеттіктерінің шегінен анық шығатын және азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соққан әрекеттер жасауы үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады (ҚР-дың Қылмыстық Кодексі, 2014).

2014 жылы 5 шілде қабылданған Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің «Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар» атты 34-тарауына сәйкес Жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы, заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы, мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы, бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау қылмыстары көрініс тапқан. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның жеке өзі немесе делдал арқылы заңсыз материалдық сыйақыны, сыйлықтарды, жеңілдіктерді не көрсетілетін қызметтерді ұсынған тұлғалардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін осыларды алуы, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, онда алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (ҚР-дың Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі, 2014)

Өкінішке орай, мемлекетімізде толыққанды нақты түйінін таба алмай тұрған үлкен мәселе, ол – парақорлық. Елімізде осы тақырыпқа қатысты көптеген қабылданған нормативтік құқықтық актілер де, жүзеге асырылып жатқан арнайы жұмыстар да баршылық, алайда олардың тиімділігі мен қосқан үлесі өте аз, себебі пара беру және пара алу мәселесі әлі күнге дейін түбегейлі шешімін тапқан жоқ.

Профессор Т.С. Мауленов «экономикадағы нарықтық қатынастардың жетілмегендігі, заң шығарудағы проблемалар, азаматтар санасының төмендігі» сыбайлас жемқорлықтың басты себептері деп есептейді (Мауленов, 2005: 34).

Қорытынды

Сонымен, сыбайлас жемқорлық қылмыс – мемлекеттік функциялар атқаруға өкілетті адамның және оған теңестірілгендердің өз лауа-

зымын пайдаланып, материалдық және басқадай пайда көру үшін қасақана жасалған қоғамдық қауіпті іс-әрекеті, оның негізгі немесе қосымша объектісі – мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқарудың мүдделері. Кез келген елдің саяси және биліктегі элитасынан, әртүрлі деңгейдегі лауазым иелерінен қылмыстық іс-әрекеттің барлық түрлерін кездестіруге болады (Алауханов, 2009: 240).

Қорыта айтқанда, тәуелсіздік жылдарында қазіргі заманғы халықаралық стандарттарға сай келетін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесі қалыптасты. Бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасағаны үшін тікелей басшылардың, азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтарын жүзеге асыруға заңсыз көмектескені немесе нақты кедергі жасағаны үшін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің лауазымды тұлғаларының қылмыстық, әкімшілік, жеке тәртіптік жауапкершілігін заңды түрде одан әрі қатаңдатуы бекіту қажет. Барлық мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді одан әрі көбейту және енгізу керек.

Жоғары оқу орындары үшін кез келген мамандықтарға мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері» атты міндетті пәнді енгізу қажет. Жалпы, БҰҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының нормаларын имплементациялауды мынадай мүмкіндіктерді қарастыра отырып жалғастыру: – пара беруге уәде беру және ұсынудың қылмыстануы; – заңсыз байығаны үшін әкімшілік жауапкершілік; – заңды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігін белгілеу; – қылмыстық жолмен шетелге шығарылған активтер мен мүліктерді қайтару және иелік ету бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы..., 2018).

Сыбайлас жемқорлықты қоғамда жою үшін әр азамат өзінен бастаса ғана, әр жеке тұлға сыбайлас жемқорлықтың зардабын саналы түрде ұғына алып, бұл залалмен күресуді насихаттаса ғана, мемлекеттік қызметшілер өз жеке мүдделері үшін ғана емес, халықтың жағдайын жақсартуға талпынса ғана, заң шығарушы орган сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары мен қылмыстары үшін жазаны одан әрі қатаңдатса ғана, мемлекетіміз сыбайлас жемқорлықты толық жоя алмаса да, сәл де болса азайта алатын еді.

Әдебиеттер

- Абдрасилов Б.С. – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2016. – 176 б.
- Аристотель. – М.: Мысль, 1983. – 830 с.
- Алауханов Е.О. Сыбайлас жемқорлықпен күрес: теория және практика: оқулық. – Алматы: Нұр-пресс, 2009. – 240 б.
- БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы №31 Заңы, <http://adilet.zan.kz>
- БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы. 2003 жылғы 31 қазан. <http://adilet.zan.kz>
- Гегель Г.В. Философия права. – М.: Мысль, 1990. – 524 с.
- Долгова А.И. Криминология: учебник. – М., 1997. – 640 с.
- Джонстон М. Поиск определений: качество политической жизни и проблема коррупции // Международное жюри социальных наук. – Париж, 1997. – № 16, 9 с.
- Жетписбаева Б.А. Антикоррупционное законодательство Республики Казахстан. – Астана, 2011. – 12 с.
- Кабанов П.А. Политическая коррупция в России: криминологическая характеристика и меры сдерживания. – Нижнекамск: МГЭИ, 1998. – 27 с.
- Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысы, <http://adilet.zan.kz>
- Кодекс поведения должностных лиц по поддержанию правопорядка. – Бишкек, 1998.
- Кузнецова Н.Ф. Коррупция в системе уголовных преступлений // Вестник МГУ, право. – №1. – 1993. – 40 с.
- Мауленов Г.С. Коррупция, как социальное явление и меры его предупреждения. – Астана, 2005. – 23 б.
- Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан, <http://www.akorda.kz>
- Назарбаев Н.Ә. Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: Бес институттық реформа: «Нұр Отан» партиясының XVI съезіндегі баяндама // Егемен Қазақстан. 2015. 12 наурыз. <http://adilet.zan.kz>
- Панченко П.Н. Уголовно-правовая характеристика коррупций // Материалы научно-практической конференции, 18-19 апреля 1995 г. – М., 1995. – 13 с.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндама «Біздің міндет – халыққа қызмет» 2018 ж. <http://kuzmet.gov.kz>
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ, <http://adilet.zan.kz>
- ҚР-дың Конституциясы. 1995 жылы 30 тамыз, <http://adilet.zan.kz>
- «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан, <http://adilet.zan.kz>
- ҚР-дың 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығы, <http://adilet.zan.kz>
- ҚР Президентінің 2016 жылғы 5 қазандағы №349 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі туралы ереже, <http://adilet.zan.kz>
- ҚР Президентінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы Жарлығы, <http://adilet.zan.kz>
- ҚР-дың мемлекеттік қызметі туралы Заңы, 2015 жылғы 23 қараша, <http://adilet.zan.kz>
- ҚР мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығы, <http://adilet.zan.kz>
- Қазақстан-2030 Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, <http://adilet.zan.kz>
- ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлемнің ең бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіру стратегиясы» атты Жолдауы. «Қазақстан-2030» Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы – Алматы: КИСИ, 2006 жыл 1 наурыз
- ҚР-дың Қылмыстық Кодексі, 2014 жылғы 3 шілде, <http://adilet.zan.kz>
- ҚР-дың Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі, 2014 жылы 5 шілде, <http://adilet.zan.kz>
- Юридическая энциклопедия. 2-изд. – М., 2003. – 56 с.

References

- Abdrasilov B.S. (2016) Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan. *Foresight-Astana*, p 17.
- Address of the Head of state N. Ah. Nazarbayev to the people of Kazakhstan. 5 Oct 2018 <http://www.akorda.kz>
- Aristotle. (1983) *Foresight-Moscow*.: Thought. p 830.
- Alaukhanov E.O. (2009) Fight against corruption: theory and practice: Textbook / Almaty: Nur-press. p 240.
- Constitution of the Republic of Kazakhstan. Constitution adopted on August 30, 1995 at the republican referendum, <http://adilet.zan.kz>
- Code of administrative offences, adopted on July 5, 2014, <http://adilet.zan.kz>

- Code of conduct for law enforcement officials.- Bishkek, 1998.
- Criminal code of the Republic of Kazakhstan dated July 3, 2014, <http://adilet.zan.kz>
- Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated December 29, 2015 № 153 “ on measures to further improve the standards of ethics and rules of conduct of civil servants of the Republic of Kazakhstan”, <http://adilet.zan.kz>
- Decree of the President of the Republic of Kazakhstan of December 26, 2014 No. 986 on the Anti-Corruption Strategy of the Republic of Kazakhstan for 2015-2025, <http://adilet.zan.kz>
- Decree of the President Of the Republic of Kazakhstan on additional measures to strengthen the fight against crime and corruption and further improve law enforcement in the Republic of Kazakhstan dated 22 April 2009, <http://adilet.zan.kz>
- Dolgova A. I. (1997) Criminology: Textbook/ under the general lane. p 640.
- Gegel G.V. (1990) Philosophy of law. – M.: Thought, p 524.
- Johnston M. (1997) The Search for Definitions: Quality of Political Life and the Problem of Corruption // International Social Science Jury. Paris, No. 16.
- Kazakhstan-2030 Prosperity, security and improvement of welfare of all Kazakhstanis. Message of the President to the people of Kazakhstan from 1997, <http://adilet.zan.kz>
- Kabanov P.A. (1998) Political corruption in Russia: criminological characteristics and deterrence measures. Nizhnekamsk: IPEI. p 27.
- Kuznetsova N. F. (1993) Corruption in the system of criminal offenses. Bulletin of Moscow state University, law. No 1, p 40.
- Law of the Republic of Kazakhstan dated November 23, 2015 “on public service of the Republic of Kazakhstan”, <http://adilet.zan.kz>
- Legal encyclopedia (2003) 2 ed. *Foresight-Moscow*, p 56.
- Maulenov G. S. (2005) Corruption as a social phenomenon and measures of its prevention.- Astana, p 23.
- National anti-corruption report “our task is to serve the people” 2018 <http://kyzmet.gov.kz>
- Nazarbayev N.A. Modern state for all: Five institutional reforms: “Nur Otan” report at the XVI Party Congress // *Kazakhstanskaya Pravda*. 2015. March 12., <http://adilet.zan.kz>
- Normative resolution of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan dated November 27, 2015 № 8 on the practice of consideration of certain corruption crimes, <http://adilet.zan.kz>
- On combating corruption, the Law of the Republic of Kazakhstan dated 18 November 2015 № 410-IV LRK, <http://adilet.zan.kz>
- Panchenko P.N. (1995) Criminal law characteristics of corruption/(Proceedings of the scientific-practical conference, 18-19 April 1995). *Foresight-Moscow*, p 13.
- Ratification of the United Nations Convention against corruption Law of the Republic of Kazakhstan No. 31 of 4 may 2008, <http://adilet.zan.kz>
- Regulation on the Agency of the Republic of Kazakhstan for civil service Affairs and anti-corruption, approved by the decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated October 5, 2016 № 349, <http://adilet.zan.kz>
- President of the Republic of Kazakhstan The Address of the President of the Republic of Kazakhstan “Strategy of Kazakhstan’s entry into the 50 Most Assuming People in the World”. “Kazakhstan-2030”: Prosperity, security and prosperity of all Kazakhstan people Address of the President to the People of Kazakhstan – Almaty: KIHS, March 1, 2006
- The strategy “Kazakhstan-2050” is a new political course of the established state. Nazarbayev’s address to the people of Kazakhstan, Astana, 14 December 2012, <http://adilet.zan.kz>
- United Nations Convention against Corruption. October 31, 2003.
- Zhetpisbaeva B.A. (2011) Anti-corruption legislation of the Republic of Kazakhstan. *Foresight-Astana*, p 12.